

FTAXP 06.61.33  
ӘОЖ 332.1/8  
JEL O31, Q30, R11

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-2-130-142>

**Н.А. КУРМАНОВ,<sup>\*1</sup>**

PhD, профессор-зерттеуші.

\*e-mail: Kurmanov\_NA@enu.kz

ORCID ID: 0000-0002-3937-6940

**А.Т. УСКЕЛЕНОВА,<sup>2</sup>**

Ә.ғ.д.

e-mail: assol\_74\_leo@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6152-2457

**Г.К. КАБДУЛЛИНА,<sup>3</sup>**

Ә.ғ.д., профессор.

e-mail: asilhan1996@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-0215-1502

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>3</sup>Қостанай әлеуметтік-техникалық университеті,  
Қостанай қ., Қазақстан

## ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТАРЫН ДАМУ СТРТЕГИЯЛАРЫНЫҢ (БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ) «АҚЫЛДЫ МАМАНДАНДЫРУ» МОДЕЛІНІҢ КРИТЕРИЙЛЕРІНЕ СӘЙКЕСТІГІН БАҒАЛАУ

### Андатпа

Зерттеу нысаны – «ақылды мамандандыру» моделінің ерекшеліктерінің көпшілігі Қазақстан аймақтарының дәстүрлі даму стратегияларында кем дегенде формалды түрде бар деген гипотеза. Гипотезаны тексерудің «таза» шарты: 2012–2021 жж. дейінгі аймақтарды дамыту стратегияларында (бағдарламаларында) «ақылды мамандандыру» тіркесінің болмауы; «ақылды мамандандыру» моделінің ескерілу белгісінің болмауы; мемлекеттік органдардың тиісті нұсқауларының болмауы. Мақалада Қазақстанның таңдалған аймақтарының инновациялық даму стратегияларын «ақылды мамандандыру» моделінің өлшемдеріне сәйкестігіне бағалау жүзеге асырылды. Зерттеудің ақпараттық базасы ашық көздер болды: нормативтік және құқықтық актілердің мамандандырылған базалары, аймақ Әкімшіліктерінің ресми интернет-сайттары. Зерттеудің гипотезасын сынау үшін RIS3 Self-Assessment Wheel (ақылды мамандандыру аймағының инновациялық стратегияларының өзін-өзі бағалау дөңгелегі) бейімделген ақылды мамандандыру әдісі қолданылды. Еуропалық комиссияның базалық әдістемесі 18 критерий бойынша аймақтардың стратегияларын балдық бағалауға (0–5 шкала бойынша) негізделеді, олар аймақтық ақылды мамандандыру стратегиясын құру және дамыту жөніндегі 6 қадамды егжей-тегжейлі көрсетеді. Аймақтық стратегияларды (бағдарламаларды) бағалау аяқталғаннан кейін түпкілікті нәтиже «тор» диаграммасы түрінде ресімделді, онда қаралған өңірлердің инновациялық дамуының күшті және әлсіз жақтары бөлінді.

**Тірек сөздер:** инновациялық даму, өзін-өзі бағалау дөңгелегі, инновациялық стратегиялар, аймақ, басқару тетіктері, ақылды мамандандыру.

### Кіріспе

Қазақстан өңірлерін типтеу тәжірибесінде нақты осы «шикізаттық өңірлерді» бөліп көрсету қабылданған жоқ. Әлеуметтік-экономикалық дамуға кешенді талдау жүргізу, Қазақстанның шикізат өңірлерінің инновациялық дамуын басқару механизмдерін әзірлеу үшін жобада негізгі өлшем ретінде жалпы өңірлік өнім құрылымында минералдық-шикізат ресурстарын өндіруден жалпы қосылған құн үлесі сияқты көрсеткіш пайдаланылатын болады (2008–2021 жж. кезеңінде 30%-дан астам). Осы көрсеткіш бойынша Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық

дамуында табиғи ресурстардың басқа түрлерін игеру мен экспорттауда мұнай және газ өндіру басым 4 шикізат өнірін (Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Қызылорда облыстары) бөліп көрсетуге болады.

Шикізат өңірлері елдің инновациялық даму орталықтарына айналған жоқ және әзірге экономиканы әртарапандыру ынтасын мәлімдеуде. Әлемдік және отандық тәжірибе экономиканы әртарапандырудың күрделілігін және елдің ресурстық рентаға тәуелділігінің әлсіреуін айқын көрсетеді. Әрбір шикізат өнірінің рөлін перспективалы өндірістік мамандануға және ұсынылатын даму бағдарламаларының ерекшеліктеріне қарай саралау қажет. Табиғи ресурстардың сарқылуымен немесе едәуір қысқаруымен болашақта шикізат өңірлерін дамыту табиғи ресурстардың күрделі кен орындарын игерудің инновациялық технологияларына көшуге байланысты едәуір өзгерістерді талап ететін болады. Бұл қайта құрулар тек өндірістік-экономикалық блоктарға ғана емес, жұмыспен қамту және қоныстандыру жүйесін ұйымдастыруға, көлік және инфрақұрылымдық желілерге де әсер етеді. Іс жүзінде барлық шикізат стратегияларында жоспарланған халық санының перспективалы өсуіне қарамастан, дамудың осы кезеңі бұл процестің барлық тиісті салдарымен еңбек ресурстарына қажеттіліктің қысқаруымен және бірінші кезекте шикізат өңірлері тіршілігіндегі проблемалардың шиеленісуімен байланысты болады.

Қазақстанның шикізат өңірлерінде инновациялық белсенділіктің, өңірлік дамудың тұрақсыздықтың төмен деңгейі байқалады, бұл өңірдің инновациялық қызметі жағдайларына қолда бар әлеуетті жандандыруды қамтамасыз ететін жаңа құралдар мен шараларды іздестіруді, күшейтуді, басқару механизмдерін әзірлеуді алдын ала айқындайды.

Сондай-ақ әлемдегі дамыған елдердің инновациялық саясатты іске асыру тәжірибесі қажетті ықпал ету құралдарын таңдау, Қазақстанның шикізат өңірлерінде инновациялық процестерді жандандыру үшін қолайлы орта құру қажеттілігін сипаттайды.

Осыған байланысты зерттеу объектісі ретінде Қазақстанның шикізат өңірлері таңдалды.

Қазіргі экономикалық жағдайларда ғылыми-техникалық прогрестің өңірлік экожүйелердің дамуына ықпалының артуы өңірлік деңгейде инновацияларды стратегиялық басқарудың маңыздылығы мен өзектілігін көрсетеді. Қазақстанның шикізат өңірлерінің стратегиялық бағыты экономиканың қарқынды дамып келе жатқан жаңа секторларын («білім экономикасы», «цифрлық экономика») қалыптастыру болып табылады.

Қазақстан ғалымдарының бұрын жүргізген ғылыми зерттеулері инновациялық өзгерістер базасындағы стратегиялық басқару өңірдің экологиялық, әлеуметтік және экономикалық кіші жүйелеріндегі өзгерістерге бағдарланатынын көрсетті. Сонымен қатар, өңірлердің инновациялық дамуының оң тәжірибесі өңірде инновацияларды, инновациялық процестерді енгізу механизмдерін әзірлеу кезінде басқарушылық сипаттағы бірқатар маңызды проблемалар туындайтынын көрсетеді. Осыған байланысты шикізат өңірлерінің инновациялық дамуын басқару механизмдерін әзірлеудің негізгі мақсаты өндірілетін және өткізілетін инновациялық өнімнің көлемін ұлғайту болып табылады.

## Материалдар мен әдістер

Зерттеуде келесі гипотезалар тексерілді.

1-гипотеза. Шикізат өңірі экономикасының қарқынды дамып келе жатқан жаңа секторлары басқару форматтарын, функциялары мен тетіктерін қайта реттеуді талап ететін инновациялық дамудың катализаторы болып табылады.

2-гипотеза. «Ақылды мамандандыру» моделінің көптеген белгілері, кем дегенде, формальды түрде, Қазақстанның шикізат өңірлерін дамытудың дәстүрлі стратегияларында бар.

3-гипотеза. Ұлттық деңгейсіз (бірыңғай ережелерсіз, басымдықтар үйлесімсіз, ынталандыру және қолдау шараларынсыз) тіпті ең инновациялық өңірлер «Ақылды» стратегияны өз бетінше әзірлеп, іске асыра алмайды.

2-гипотезаны тексерудің шартында келесілер жоққа шығарылды:

♦ 2013–2021 жж. стратегияларда (өңірлік құжаттарда) «ақылды мамандандыру» сөз тіркестері (яғни, Басшылық жарияланғаннан кейін қабылданған);

♦ аталған тұжырымдаманың назарға алынғаны туралы нұсқаулар;

- ◆ мемлекеттік билік органдары тарапынан тиісті директивалар;
- ◆ Қазақстанның шикізат өңірлерінде ақылды мамандану платформасының баламалары.

Біздің зерттеуімізде Қазақстанның шикізат өңірлерін инновациялық дамытудың жеті стратегиясының (өңірлік құжаттардың) ақылды мамандандыру критерийлеріне сәйкестігіне баға берілген. Инновациялық дамудың жекелеген блоктарынан тұратын өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарлары, сондай-ақ инновациялық даму тұжырымдамалары талданбады, өйткені олар ішінара ақылды мамандандыру стратегиясын анықтауға жатады. Зерттеудің ақпараттық базасы ашық ақпарат көздер болды: өңірлік әкімшіліктердің ресми интернет-сайттары, құқықтық актілердің мамандандырылған базалары.

Зерттеудің екінші гипотезасы «Ақылды мамандандырудың өңірлік инновациялық стратегияларының өзін-өзі бағалау дөңгелегі» (RIS3 Self-Assessment Wheel) көмегімен сыналды. Негізгі әдіс нұсқаулықта сипатталған ақылды мамандандыру стратегиясын құрудың алты қадамын сипаттайтын 18 критерий бойынша өңірлік стратегияларды (0-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша) бағалауға негізделген. Қазақстанның шикізат өңірлерінің стратегиясын (ресми құжаттарын) талдау барысында ақылды мамандандыру критерийлеріне сәйкестігі тексерілді. Алты балдық бағалау шкаласы үш балдық шкалаға (0-ден 1-ге дейін) өзгертілді, мұнда 0 – сәйкестік анықталмады, 0.5 – сәйкестік жасырын түрде анықталды, 1 – сәйкестік анықталды. 2-кестеде Қазақстанның шикізат өңірлерінің инновациялық стратегияларын (бағдарламаларын) бағалаудың жинақталған нәтижелері берілген.

Зерттеудің бірінші және үшінші гипотезаларын тестілеуде талданған құжаттарда көрсетілген мамандандыру салаларын таңдаудың негізділігі және тиімділік көрсеткіштері тексерілді.

### **Негізгі ережелер**

Шикізат өңірлерін дамытудың қолданыстағы стратегияларының (бағдарламаларының) әлсіз тұстары, «Ақылды мамандандыру» моделінің қағидаттары мен критерийлеріне сәйкестігі анықталды. Жүргізілген зерттеуде сондай-ақ, жүзеге асып жатқан өңірлік мамандандыруларды таңдаудың негізділігі, стратегияларда (бағдарламаларда) пайдаланылған инновациялық дамудың нысаналы индикаторларының дұрыстығы тексерілді.

Зерттеу нәтижелері ақылды мамандану тұрғысынан Қазақстанның шикізат өңірлерінің аймақтық инновациялық стратегиялары құралдық стратегияға қарағанда декларативті болып көрінетінін көрсетеді. Жол карталары жасалмаған, олардың көбінде басымдықтар мен қолдау шараларының белсенді тетіктері көзделмеген. Тиімділік көрсеткіштері негізінен зерттеу секторының мониторингі мен білім беру саласына бағытталған. Инновациялық басымдықтар Қазақстанның шикізат өңірлерінде ақылды мамандандыру қағидасын ескермей қалыптастырған, яғни, дәстүрлі экономикалық мамандандыруды және жаңа ғылым мен технологияның салаларымен бірігіп жұмыс жасау қарастырылмаған. Басшылықтың көптеген талаптарына сәйкес келетін стратегияның өзі жоғары инновациялық әлеуеті бар өңірлерде «Ақылды мамандандыру» идеяларының тұжырымдамалық көрінісін қамтамасыз ете алмайды.

Негізделген салыстырмалылықты қамтамасыз ету, өңірлік басымдықтарды қайталау мәселелерін шешу және қолдау шараларын фрагментациялау үшін басқарудың неғұрлым жоғары (ұлттық немесе ұлттықтан жоғары) деңгейінде ұйымдастырушылық шешімдер талап етілетіндігі туралы зерттеу гипотезалары расталады.

### **Әдебиетке шолу**

2012 ж. Еуропа Одағының ең жоғарғы атқарушы органы – Еуропалық комиссияда «Ақылды мамандандыру» стратегиясының ғылыми зерттеулері және инновациялары бойынша Нұсқаулық әзірленіп қабылданды [1]. Онда ЕО елдеріндегі зерттеулер мен инновацияларды дамытудың негізгі бағыттары көрсетілген.

«Ақылды мамандандыру» стратегиясы іс жүзінде жүзеге асырылған сайын ғылыми-зерттеу және инновациялық Нұсқаулық үнемі жаңартылып отырады. 2011 ж. Перспективалық технологиялық зерттеулер институты (Севилья қ., Испания) «Ақылды мамандандыру» стратегиясы қызметінің басым бағыттарын жедел әзірлеу, іске асыру және қайта қарау үшін

«Ақылды мамандандыру» платформасын құрды [2]. Платформа мүмкіндіктері келесідей: маңызды ақпаратты шұғыл алу; «Ақылды мамандандыру» стратегиясын жүзеге асырудың нақты әдістемесі; жобаларға кеңес беру және сараптама жүргізу мүмкіндіктері; оқыту және серіктестік [3–5]. «Ақылды мамандандыру» платформасы еуропалық елдерге ЕО-ның басқа өңірлерімен қолда бар әлеует пен мүмкіндіктерді салыстыру, мақсатты нарықтарды айқындау, бәсекеге қабілеттілікті бағалау және басымдықтарды анықтау арқылы қызмет (мамандандыру) бағытын таңдауға көмектеседі [6–8].

Платформа аясында сарапшылар «Ақылды мамандандыру» моделін қарау және бағалаудың бейімделген әдістерін әзірледі. Сондай-ақ, платформада екі түрлі іс шараны ұйымдастыру мүмкіндігі бар:

- ♦ тіркелген қатысушылардың нақты мәселелерін шешу мақсатында ұйымдастырылатын семинарлар [9];

- ♦ барлық қызығушылық танытқан тұлғалар үшін «Ақылды мамандандыруды» жүзеге асыру және насихаттау мақсатында ұйымдастырылатын семинарлар [10].

«Ақылды мамандандырудың» еуропалық платформасының негізгі құралдарын атап өтейік:

- ♦ ESIF-viewer – бұл құрал ЕО инвестициялық және құрылымдық қорларының жоспарланған инвестицияларын іздеуге мүмкіндік береді [11];

- ♦ Eye@RIS3 – басым мамандандырулардың электрондық дерекқоры. Өңірлер қызметінің тандалған маңызды бағыттары туралы мәліметтерді қамтитын интерактивті карта түріндегі басымдықтардың онлайн-базасы. Оның негізгі мақсаты – әріптестерді және өз тауашаларын іздеу үшін іске асыруға белгіленген басымдықтар туралы ақпарат беру;

- ♦ бенчмаркинг – құрылым бойынша ұқсас өңірлерді анықтайтын құрал;

- ♦ ақпараттық-коммуникациялық технологияларға мониторинг жүргізу – АКТ саласындағы инвестициялық және құрылымдық ЕО қорларындағы жоспарланған инвестицияларды іздеу құралы;

- ♦ R&I Regional Viewer – ЕО қаржыландырудың әр түрлі бағдарламалары және көздері бойынша зерттеулер мен инновацияны визуализациялау және салыстыру құралы [12];


- ♦ «Сауда» – Еуропадағы өңірлермен аймақаралық тауарлар ағымдарының бәсекеге қабілеттілік позицияларын визуализациялауға және талдау жүргізуге мүмкіндік беретін интернет-қосымша болып табылады. Оның басты мақсаты – аймақтың активтерін бағалау және оның «Ақылды мамандандыру» стратегиясын қалыптастырудағы қадам ретіндегі жағдайын талдау [13–15].

Осылайша, «Ақылды мамандандыру» стратегиясының негізгі горизонталды құралы ол кластерлер болып табылатын қорытынды жасауға болады. Өңірлердің тиімді дамуы берілген қызмет бағытының негізгі діңгегі болатын кластерлердегі зерттеулер мен инновацияны қолдау және ынталандыру шараларына тікелей байланысты.

## Нәтижелер мен талқылау

Шикізат өңірлері елдің инновациялық даму орталықтарына айналған жоқ және әзірге экономиканы әртараптандыру ынтасын мәлімдеуде. Әлемдік және отандық тәжірибе экономиканы әртараптандырудың күрделілігін және елдің ресурстық рентаға тәуелділігінің әлсіреуін айқын көрсетеді. Әрбір шикізат өңірінің рөлін перспективалы өндірістік мамандануға және ұсынылатын даму бағдарламаларының ерекшеліктеріне қарай саралау қажет. Табиғи ресурстардың сарқылуымен немесе едәуір қысқаруымен болашақта шикізат өңірлерін дамыту табиғи ресурстардың күрделі кен орындарын игерудің инновациялық технологияларына көшуге байланысты едәуір өзгерістерді талап ететін болады. Бұл қайта құрулар тек өндірістік-экономикалық блоктарға ғана емес, жұмыспен қамту және қоныстандыру жүйесін ұйымдастыруға, көлік және инфрақұрылымдық желілерге де әсер етеді. Іс жүзінде барлық шикізат стратегияларында жоспарланған халық санының перспективалы өсуіне қарамастан, дамудың осы кезеңі бұл процестің барлық тиісті салдарымен еңбек ресурстарына қажеттіліктің қысқаруымен және бірінші кезекте шикізат өңірлері тіршілігіндегі проблемалардың шиеленісуімен байланысты болады.

Қазақстан мұнай-газ өндіру және мұнай өндеудің қуатты секторларына ие бола отырып, мұнай-химия өндірістерін ресурстық қамтамасыз етудің жоғары әлеуетіне ие. Құн тізбегін салыстырмалы талдау еліміздегі отын-энергетикалық кешенінің мұнайды, газ конденсатын барлау, өндіру және экспорттауды қоса, төмен бөліністер жағына қарай ығысуын көрсетеді (1-сурет).



Сурет 1 – Қазақстандағы мұнай газ өнімдерінің балансы (млн т.)

Ескертпе: Авторлармен әзірленді.

Алайда, мұнай мен газдың негізгі қорлары еліміздің қиын қолжетімді өңірлерінде орналасқан, бұл жеңіл көмірсутектерді жинау, кәдеге жарату желісін құру мен елді мекендерге тікелей жақын жерде кешенді газ-химия немесе мұнай-химия өндірістерін өндеудің климаттық, көліктік және әлеуметтік қиындықтарын тудырады. Өндіргіш күштердің қазіргі бөлінуінің тарихи қалыптасқан ерекшеліктерінің нәтижесінде елімізде іс жүзінде бірде-бір бәсекеге қабілетті өңірлік кластер қалыптаспаған.

Сапасыз мемлекеттік басқару жағдайында жоғары сұранысқа ие ресурстардың бай қоры осы өңірлерге экономикалық өркендеу әкелмейді.

Мемлекеттік өңірлік саясат өзгермелі сыртқы және ішкі ахуалды ескере отырып, шикізат өңірлерін перспективалық дамытудың жалпы идеологиясын қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Шикізатқа маманданған Қазақстан өңірлері стратегиялық жоспарлау аясын кеңейтіп, оның ішінде «шикізатсыз» болашақтың перспективаларын пайымдай отырып, өз даму стратегияларын қайта форматтауға тиіс. Бұл ретте әлеуметтік-экономикалық дамудың өңірлік стратегияларында мынадай құрамдастар күшейтілуі тиіс [16, 17]:

- ♦ ұлттық және өңірлік деңгейлер арасындағы тік интеграциялану тетіктері;
- ♦ мүдделердің өңір ішілік топтары арасындағы горизонталды үйлестіру тетіктері;
- ♦ өңір аралық үйлестіру механизмдері.

Әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясына қойылатын талаптарды жетілдіре отырып, өңірлік саясат мақсаттары үшін өңірлердің типологиясына қойылатын жаңа талаптарды қалыптастыру қажет. Инвестициялық белсенділіктің жоғарылауы жағдайында инвестициялардың құрылымы мен олардың тиімділігіне қатысты сауатты саясатты қамтамасыз ететін стратегиялық жоспарлау ерекше маңызға ие болады.

Географиялық, табиғи-климаттық, демографиялық және әлеуметтік-мәдени әртүрлілігімен ерекшелене отырып, Қазақстан сондай-ақ, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі елеулі сәйкессіздікпен, өндіргіш күштердің біркелкі бөлінбеуімен және халықтың аумақтық бөлінуімен сипатталады.

Қазақстан Конституциясы бойынша жергілікті мемлекеттік басқаруды жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады, олар нақты өңірдегі істің жай-күйіне жауапты, өз құзыреті шегінде инновациялық саясатты қоса алғанда, өкілеттіктерін дербес жүзеге асырады. 2021 ж. жағдай бойынша Қазақстанның шикізат өңірлері инновациялық саясаттың қандай да бір элементтерін іске асырды (1-кесте).

Кесте 1 – Қазақстандағы шикізат өңірлеріндегі инновациялық саясат сапасының көрсеткіштері: 2021 ж.

Сапа көрсеткіштері	Атырау облысы	Батыс Қазақстан облысы	Қызылорда облысы	Маңғыстау облысы
Инновациялық дамудың өңірлік стратегиясының инновацияларды қолдау жөніндегі профильді бөлімнің болуы	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ
Өңірдің территориялды жоспарлау сызбасында инновацияның басым дамуының өңірлерін бөлу	иә	жоқ	жоқ	иә
Өңірде инновациялық қызметтің негізгі қағидаттарын айқындайтын мамандандырылған заңнамалық актінің болуы	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ
Өңірлеріндегі инновацияларды дамытудың мамандандырылған бағдарламалардың болуы	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ
Инновациялық саясат бойынша кеңесші органдарының қызмет етуі	иә	иә	иә	иә
Өңірде инновациялық қызмет субъектілерін қолдау жөніндегі функционалы бар даму институттарының болуы	иә	иә	иә	иә

Ескертпе: Авторлармен әзірленді.

Қазақстанның барлық шикізат өңірлерінде жергілікті деңгейде инновациялық қызметті стратегиялық жоспарлау жүзеге асырылмады, олардың жартысында Атырау және Маңғыстау облыстары – өңірдің аумақтық жоспарлау схемасында инновацияларды басым дамытудың арнайы өңірлері болды, мұнда инновациялық дамуға көп көңіл бөлінді.

2-кестеде және 2-суретте өңірлік инновациялық стратегияларды талдаудың жалпыланған нәтижелері көрсетілген (барлық құжаттарды егжей-тегжейлі бағалау 3-кестеде келтірілген).


Кесте 2 – Қазақстандағы шикізат өңірлеріндегі инновациялық стратегияларын бағалаудың жалпы нәтижелері

Стратегияны әзірлеу қадамдары	Бағалау критериілері	Сома	Әр қадам бойынша барлығы
1. Аймақтың контекстін талдау	Өңірлердің ресурстарын талдауының болуы	3	7
	Сыртқы ортаны талдауының болуы	0	
	Кәсіпкерлік белсенділікті талдаудың болуы	4	
2. Басқару	Көпдеңгейлі басқаруды енгізу	2	5
	Стейкхолдерлердің кең ауқымын тарту	1	
	Менеджмент және коммуникацияның дамуы	2	
3. Жалпы көрініс	Инновация туралы түсінікті толық пайдалану	0	1,5
	Жаһандық өзгерістерге жауаптардың болуы	0,5	
	Сценарийлік талдаудың болуы	1	
4. Басымдықтар	Басымдықтарды таңдау	4	7
	Басымдықтарды сәйкестендіру	2	
	Критикалық массаның болуы	1	

2-кесте жалғасы

5. Саясат шараларының кешені	Жол карталарын пайдалану	2	10
	Шаралар балансын сақтау	4	
	Негіздемелік шарттардың болуы	4	
6. Мониторинг және бағалау	Тиімділік көрсеткіштерін пайдалану	4	7
	Стратегияның жүзеге асыру мониторингі жүйесінің болуы	3	
	Стратегияны белсенді қосу механизмінің болуы	0	
Ескертпе: Авторлармен әзірленді.			

«Балл сомасы» бағанындағы «4» мәні ақылды мамандандырудың белгілі бір критерийіне сәйкестік Қазақстанның шикізат өңірлеріндегі барлық төрт құжатта біржақты белгіленгенін білдіреді; нөлдік мән оның жоқтығын көрсетеді. Бөлшек сан түріндегі мән (мысалы, 1.5) кем дегенде бір стратегияда сәйкестік анық белгіленгенін білдіреді. Есептеулер көрсетіп отырғандай, Қазақстанның шикізат өңірлерінің инновациялық стратегиялары жиынтығында ақылды мамандандыру өлшемдеріне 52% сәйкес келеді. Бұл, ең алдымен, стратегияларды әзірлеу жөніндегі практикалық іс-қимылдарды сипаттайтын 5 (саясат шараларының кешені), 4 (басымдықтар), 6 (мониторинг және бағалау) және 1 (өңірлік мәнді талдау) қадамдарына қатысты. Дайындық қадамдары шеңберінде – 2 (басқару) және 3 (жалпы пайымдау) – барлық стратегиялардағы критерийлерге сәйкестік барынша аз болып шықты (2-сурет).



Сурет 2 – Қазақстанның шикізат өңірлері инновациялық стратегияларының «Ақылды мамандандыру» критерийлеріне сәйкестігін бағалаудың жалпыланған нәтижелері

Ескертпе: Авторлармен әзірленді.

Қазақстан шикізат өңірлерінің инновациялық стратегияларының ең әлсіз жерлері сыртқы ортаны талдау (1-қадам) және инновациялар туралы толық түсінікті пайдалану (3-қадам) болды. Бұлардың барлығы инновацияларды зерттеулер мен әзірлемелермен салыстырады, жаһандық сын-қатерлерді елемейді (3-қадам).

Есептеулер (2-сурет) Қазақстанның көрсетілген шикізат өңірлерінің инновациялардың даму деңгейі бойынша екі есе дерлік сараланғанына қарамастан, олардың стратегияларының ұқсас белгілері бар екенін көрсетеді:

- ♦ дайындық бөлігінің әлсіздігі, озық практикалық тұстарға (басымдықтар, саясат шаралары, мониторинг және бағалау сипаттамалары бойынша жоғары балл) қарамастан (талдау, басқару және жалпы пайымдау критерийлері бойынша төмен балл);

♦ ақылды мамандандыру критерийлеріне нақты бөлігі бойынша сәйкестік: шикізат өңірлерін дамыту стратегиялары басшылықтың алты қадамының әрқайсысының мазмұнын көрсетеді, бірақ олардың үшеуі барлық критерийлерге сәйкес келмейді: сыртқы ортаны талдаудың болуы, инновациялар туралы егжей-тегжейлі идеяны қолдану, стратегияны өзектендіру тетігінің болуы.

Кесте 3 – Қазақстанның шикізат өңірлерінің инновациялық стратегияларының (бағдарламаларының) ақылды мамандану өлшемдеріне сәйкестігін бағалау

№	Критерии атауы	Қазақстанның шикізат өңірлерін инновациялық дамыту стратегияларының (бағдарламаларының) ақылды мамандандыру критерийлеріне сәйкестігін бағалау			
		Атырау облысы	Батыс Қазақстан облысы	Қызылорда облысы	Маңғыстау облысы
1-қадам. Аймақтық контексті талдау					
1	Өңірдегі ресурстарды талдаудың болуы	1	0,5	0,5	1
2	Қоршаған ортаны талдаудың болуы	0	0	0	0
3	Кәсіпкердік белсенділікті талдаудың болуы	1	1	1	1
2-қадам. Басқару					
4	Көпдеңгейлі басқаруды енгізу	0,5	0,5	0,5	0,5
5	Стейкхолдердердің кең ауқымын тарту	0,5	0	0	0,5
6	Менеджмент және коммуникация мониторингі	0,5	0,5	0,5	0,5
3-қадам. Жалпы көрініс					
7	Инновация туралы түсінікті толық пайдалану	0	0	0	0
8	Жаһандық өзгерістерге жауаптардың болуы	0,5	0	0	0
9	Сценарийлік талдаудың болуы	0,5	0	0,5	0
4-қадам. Басымдықтар					
10	Басымдықтарды таңдау	1	1	1	1
11	Басымдықтарды сәйкестендіру	0,5	0,5	0,5	0,5
12	Критикалық массаның болуы	0,5	0	0	0,5
5-қадам. Саясат шараларының кешені					
13	Басымдықтарды таңдау	0,5	0,5	0,5	0,5
14	Шалалар балансын сақтау	1	1	1	1
15	Негіздемелік шарттардың болуы	1	1	1	1
6-қадам. Мониторинг және бағалау					
16	Тиімділік көрсеткіштерін пайдалану	1	1	1	1
17	Стратегияның жүзеге асыру мониторингі жүйесінің болуы	1	1	0,5	0,5
18	Стратегияны белсенді қосу механизмінің болуы	0	0	0	0
Ескертпе: Авторлармен әзірленді.					

Қазақстан шикізат өңірлерінің инновациялық стратегияларының күшті және әлсіз жақтары үлгісінің жалпы ұқсастығымен ақылды мамандандырудың жекелеген өлшемшарттары бойынша айырмашылықтары бар. Мәселен, Қазақстанның Атырау облысының стратегиясы басқа өңірлерде қабылданған стратегиямен салыстырғанда кәсіпкерлік белсенділікке (басымдықтарды талдау және негіздеу бөлігінде), жаһандық сын-қатерлерге жауап беру үшін инновациялар мен олардың мүмкіндіктері туралы жан-жақты ұсынысқа баса назар аударады; қолдаудың деңгейлес және нақты шараларын үйлестіреді. Бұл ретте Атырау облысының стратегиясы көп деңгейлі басқаруды, сценарийлік талдауды және өзіндік өзектендіру тетігін көздейді.



Ақылды мамандандыру критерийлері бойынша стратегияларды бағалаудағы анықталған айырмашылықтар (оларды субъективті деп атауға болады) өңірлердегі инновациялық сала жағдайының объективті көрсеткіштерімен ішінара сәйкес келеді.

Іріктемеде ұсынылған стратегияларды талдау көрсеткендей, барлық құжаттар ресми түрде «басымдықтарды таңдау» және «тиімділік көрсеткіштері» өлшемдеріне сәйкес келеді. Сондықтан біздің зерттеуіміздің келесі міндеті осы өңірлік мамандандырулардың негізділігін, сондай-ақ пайдаланылған нысаналы индикаторлардың сәйкестігін тексеру болды.

3-суретте Қазақстанның шикізат өңірлерінің инновациялық стратегияларында басым секторлар ретінде жекелеген секторларды атап өту жиілігі көрсетілген.



Сурет 3 – Секторларды өңірлік инновациялық стратегияларда басымдар ретінде атап өту жиілігі

Ескертпе: Авторлармен әзірленді.

Таңдалған басымдықтардың негізділігін бағалау үшін Қазақстанның шикізат өңірлерінің экономикасындағы тиісті секторлардың салыстырмалы салмағы есептелді. Бұл зерттеудің міндеттеріне нақты өңірлерге арналған ұсыныстарды жан-жақты талдау және әзірлеу кірмейді, сондықтан біз тек ең көп таралған көрсеткіштер мен бағалау әдістерін басшылыққа аламыз.

Көптеген жағдайларда басымдықтар қажетті бөлшектеусіз салалардың немесе ондағы технологиялардың атауы түрінде тұжырымдалған. Көбінде олар аналитикалық тұрғыдан нашар негізделген және нақты жобалармен бекітілмеген. Тиімділік көрсеткіштерімен байланыс жоқ: стратегияда салалық басымдықтар бөлінеді, ал нысаналы индикаторлар білім беру және денсаулық сақтау саласындағы жетістіктер мониторингін бағытталған. Сонымен қатар, ұтымды мысалдар да бар. Мысалы, Маңғыстау облысының стратегиялық құжаттарында туризм мен ауыл шаруашылығының басымдығы аналитикалық негіздемеге ие және жобалармен бекітілген.

Ақылды мамандандыру критерийлеріне сәйкестікті бағалау нәтижелері белгілері ішінара болғанымен, өңірлік инновациялық стратегиялардың осы тұжырымдаманы ескерусіз жасалғандығы жөніндегі алғашқы гипотезаны растады. Олардың әрқайсысы: жергілікті мәнді талдау, бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру тетіктерін, инновациялық даму перспективаларын пайымдауды, оның басымдықтарын, саясат шараларының кешенін және тиімділіктің нысаналы көрсеткіштерін қамтиды.

Басшылық әдістемесінің алты қадамы тұрғысынан критерийлердің бірі бойынша жоғары бағалар басқалар бойынша төмен немесе нөлдік көрсеткіштермен кезектеседі.

Стратегиялардың келесі кемшіліктерін атап көрсетейік:

- ◆ аналитикалық пысықтау;
- ◆ басқару тетіктері;
- ◆ инновациялар туралы толық түсінік.

## Қорытынды

Зерттеу нәтижелері ақылды мамандандыру тұрғысынан Қазақстанның шикізат өңірлерінің өңірлік инновациялық стратегиялары қолданбалыдан гөрі, декларативті стратегия болып көрінетінін көрсетеді. Жол карталары жоқ, олардың көпшілігінде басымдықтар мен қолдау шараларын өзектендіру тетіктері көзделмеген.

Тиімділік көрсеткіштері негізінен зерттеулер мен әзірлемелер секторының және білім беру саласының жай-күйі мониторингіне бағытталған. Қазақстанның шикізат өңірлерінің инновациялық басымдықтары ақылды мамандандыру қағидаттарын ескермей қалыптастырылды, яғни дәстүрлі экономикалық мамандандыруды және ғылым мен технологиялардың жаңа салаларын біріктіруді, сондай-ақ экономикадағы құрылымдық өзгерістерге және болашақ нарықтарына бағдарлауды болжамайды. Стратегиясы басшылықтың көптеген талаптарына сәйкес келетін жоғары инновациялық әлеуеті бар өңірлерде де ақылды мамандандыру идеяларының тұжырымдамалық көрінісін қамтамасыз ете алмайды.

Қазақстанның шикізат өңірлерінің неғұрлым төмен сапалы (ақылды мамандану критерийлері бойынша) инновациялық стратегияларының кемшіліктері ұқсас келеді және тұтастай алғанда, фрагментарлығымен сипатталады. Құжаттарды дайындау сапасы өңірлердің инновациялық әлеуетін жедел іске асыру дегенді білдірмейді. Ол үшін стратегия жеке белгілердің болуын ғана емес, сонымен қатар олардың көрінуінің толықтығын қамтамасыз етуі керек. Ақылды мамандандырудағы әдістің күші оның күрделілігінде, яғни қажет болған жағдайда олардың әрқайсысы тұжырымдаманың өзінен бұрын «ойлап шығарылған» барлық құралдардың бір уақытта пайдаланылуында.

Өзара байланысты критерийлердің барлық жиынтығын ескерусіз, стратегияның инновациялық дамуға әсер ету шарты болып табылатын жүйелілікке қол жеткізу қиын. Мүлдем басқа өңірлердегі стратегиялық жоспарлаудағы күшті және әлсіз жақтардың ұқсастығы ұқсас жалпы стратегия стилін, атап айтқанда, типтік әлсіздіктерді анықтайтын бірыңғай фактордың болуын көрсетеді. Әңгіме басымдықтарды таңдаудың, тексерудің және синхрондаудың бірыңғай ережелерін, сондай-ақ өңірлерді инновациялық дамыту стратегияларын әзірлеу мен іске асыруды ұйымдастырушылық қолдауды қамтамасыз ететін жоғары деңгейдегі жүйенің жоқтығы туралы болып отыр.

Негізделген салыстырмалылықты қамтамасыз ету, өңірлік басымдықтардың қайталану проблемаларын шешу және қолдау шараларын фрагментациялау үшін басқарудың анағұрлым жоғары (ұлттық немесе ұлттықтан жоғары) деңгейінде ұйымдастырушылық шешімдер талап етіледі деген біздің басқа да гипотезаларымыз да расталды.

Қазақстанның шикізат (мұнай және газ) өңірлерін инновациялық дамыту ісінде мемлекеттік органдардың негізгі назары мынадай шараларға бағытталуы қажет:

- ◆ негізгі капиталға инвестиция ұлғайту;
- ◆ өнімдік және процестік инновацияға жұмсалатын шығындардың және жалпы өңірлік өнімнің өсуі;
- ◆ өңірлерде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту;
- ◆ өмір бойы білім алу бағдарламаларын кеңейту;
- ◆ кедейшілік деңгейін төмендету;
- ◆ зерттеулер мен әзірлемелер салаында жұмыспен қамтылған қызметкерлердің үлесін ұлғайту;
- ◆ кіші бизнестің дамуы;
- ◆ білім беруге инвестицияны жоғарылату және STEM мамандықтары бойынша студенттер санын ұлғайту;
- ◆ ауыл шаруашылық кешеніндегі инновациялық процестерді дамыту бойынша шараларды белсендіру.

**Қаржыландыру туралы ақпарат.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыру жобасы «Қазақстанның өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының инновациялық қызметін бағалау және форсайт әдіснамасы мен технологиялық жол картасы негізінде ынталандыру механизмдерін жетілдіру» (ЖТН АР09058009) аясында дайындалған.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 European Commission. Regional Policy Contributing to Smart Growth in Europe 2020. Communication from the Commission to the European Parliament, the Council, the European Economic and Social Committee and the Committee of the Regions (COM (2010) 553 final). Brussels: European Commission, 2018. URL: [http://ec.europa.eu/regional\\_policy/sources/docoffic/official/communic/smart\\_growth/comm2010\\_553\\_en.pdf](http://ec.europa.eu/regional_policy/sources/docoffic/official/communic/smart_growth/comm2010_553_en.pdf) (accessed: 18.01.2023)
- 2 Kirzner I.M. Competition and Entrepreneurship. Chicago: The University of Chicago Press, 1973.
- 3 Foray D., David P., Hall B. Smart specialization – The concept // Knowledge Economists Policy Brief. 2009, no. 9(85), pp. 1–5.
- 4 Landabaso M., Foray D. From smart specialisation to smart specialisation policy. European Journal of Innovation Management. 2014, no. 17(4), pp. 492–507.
- 5 Landabaso M., McCann P., Ortega-Argilés R. Smart specialisation in European regions: Issues of strategy, institutions and implementation. European Journal of Innovation Management. 2014, no. 17(4), pp. 409–427.
- 6 Boschma R. Smart Specialisation and Regional Innovation Policy. Welsh Economic Review. 2016, no. 24, pp. 17.
- 7 Foray D. Smart Specialisation – Opportunities and Challenges for Regional Innovation Policy (1st ed.). London: Routledge, 2015.
- 8 Asheim B.T. Smart specialisation, innovation policy and regional innovation systems: What about new path development in less innovative regions? Innovation: The European Journal of Social Science Research. 2018, no. 32(1), pp. 8–25.
- 9 Crespo J., Balland P.-A., Boschma R., Rigby D. Regional Diversification Opportunities and Smart Specialization Strategies. Brussels: European Commission, 2017.
- 10 McCann P., Ortega-Argilés R. Smart Specialization, Regional Growth and Applications to European Union Cohesion Policy. Regional Studies. 2013, no. 49(8), pp. 1291–1302.
- 11 Boschma R. Constructing Regional Advantage and Smart Specialization: Comparison of Two European Policy Concepts. Evolutionary Economic Geography Series Paper No. 13.22. Utrecht: University of Utrecht, 2013.
- 12 Kotnik P., Petrin T. Implementing a smart specialisation strategy: An evidence-based approach. International Review of Administrative Sciences. 2017, no. 83(1), pp. 85–105.
- 13 European Union. The role of clusters in smart specialisation strategies: Directorate General for Research and Innovation. Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2013.
- 14 European Commission. RIS3 guide. Brussels: European Commission, 2012.
- 15 Smart specialisation platform. 2011. URL: [s3platform.jrc.ec.europa.eu/s3-platform](http://s3platform.jrc.ec.europa.eu/s3-platform) (accessed: 18.01.2023).
- 16 Turgel I., Bozhko L., Ulyanova E. ‘Smart city’ concept in digital economics: practice of Russia and Kazakhstan // International Journal of Economic Policy in Emerging Economies. 2022, no. 16(2–4), pp. 139–157.
- 17 Satybaldin A.A., Nurlanova N.K., Kireyeva A.A. A New Policy of Spatial Development of Kazakhstan on the Principles of Inclusiveness and Smart Specialization // The Journal of Asian Finance, Economics and Business. 2016, no. 3(3), pp. 93–102.

**Н.А. КУРМАНОВ,\*<sup>1</sup>**

PhD, профессор-исследователь.

\*e-mail: Kurmanov\_NA@enu.kz

ORCID ID: 0000-0002-3937-6940

**А.Т. УСКЕЛЕНОВА,<sup>2</sup>**

д.э.н.

e-mail: assol\_74\_leo@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6152-2457

**Г.К. КАБДУЛЛИНА,<sup>3</sup>**

д.э.н., профессор.

e-mail: asilhan1996@mail.ru

ORCID ID 0000-0002-0215-1502

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,

г. Астана, Казахстан

<sup>2</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби,

г. Алматы, Казахстан

<sup>3</sup>Костанайский социально-технический

университет им. З. Алдамжар,

г. Костанай, Казахстан

## **ОЦЕНКА СТРАТЕГИЙ (ПРОГРАММ) РАЗВИТИЯ РЕГИОНОВ КАЗАХСТАНА НА СООТВЕТСТВИЕ КРИТЕРИЯМ МОДЕЛИ «УМНАЯ СПЕЦИАЛИЗАЦИЯ»**

### **Аннотация**

Объектом исследования является гипотеза: большинство признаков модели «умная специализация» присутствуют как минимум формально в традиционных стратегиях развития регионов Казахстана. «Чистым» условием для проверки гипотезы является отсутствие словосочетания «умная специализация» в стратегиях (программах) регионального развития с 2012–2021 гг.; отсутствие указаний на то, что модель «умная специализация» принималась во внимание; отсутствие соответствующих директив со стороны органов государственной власти. В статье дается оценка стратегий инновационного развития выбранных регионов Казахстана на соответствие критериям модели «умная специализация». Информационной базой исследования послужили открытые источники: специализированные базы нормативных и правовых актов, официальные интернет-сайты акиматов регионов. Для тестирования выдвинутой гипотезы исследования применен адаптированный метод умной специализации RIS3 Self-Assessment Wheel (Колесо самооценки инновационных стратегий региона умной специализации). Базовая методика Европейской комиссии базируется на балльных оценках (по шкале 0–5) стратегий регионов по 18 критериям, которые детализируют 6 шагов по созданию и развитию региональной стратегии умной специализации. После завершения оценки региональных стратегий (программ) окончательный результат оформлен в виде диаграммы «паутина», на которой выделены сильные и слабые стороны инновационного развития рассмотренных регионов.

**Ключевые слова:** инновационное развитие, колесо самооценки, инновационные стратегии, регион, механизмы управления, умная специализация.

**N.A. KURMANOV,\*<sup>1</sup>**

PhD, professor-researcher.

\*e-mail: Kurmanov\_NA@enu.kz

ORCID ID 0000-0002-3937-6940

**A.T. USKELENOVA,<sup>2</sup>**

d.e.s.

e-mail: assol\_74\_leo@mail.ru

ORCID ID 0000-0002-6152-2457

**G.K. KABDULLINA,<sup>3</sup>**

d.e.s., professor.

e-mail: asilhan1996@mail.ru

ORCID ID 0000-0002-0215-1502

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University,

Astana, Kazakhstan

<sup>2</sup>Al-Farabi Kazakh National University,

Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup>Kostanay Social and Technical University

named after Z. Aldamzhar,

Kostanay, Kazakhstan

## **ASSESSMENT OF STRATEGIES (PROGRAMS) FOR THE DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN'S REGIONS FOR COMPLIANCE WITH THE CRITERIA OF THE "SMART SPECIALIZATION" MODEL**

### **Abstract**

The object of the research is the hypothesis: most of the features of the "smart specialization" model are present, at least formally, in the traditional development strategies of the regions of Kazakhstan. The "pure" condition for testing the hypothesis is the absence of the phrase "smart specialization" in the strategies (programs) of regional development from 2012 to 2021; lack of indications that the "smart specialization" model was taken into account; lack of appropriate directives from the state authorities. The article evaluates the strategies of innovative development of selected regions of Kazakhstan according to the criteria of the "smart specialization" model. The information base of the research was served by open sources: specialized bases of normative and legal acts, official websites of regions. Adapted method of smart specialization RIS3 Self-Assessment Wheel was used for testing the advanced research hypothesis. The basic methodology of the European Commission is based on point evaluations (on a scale of 0–5) of strategic regions according to 18 criteria, which detail 6 steps for the creation and development of a regional strategy of smart specialization. After completing the assessment of regional strategies (programs), the final result was presented in the form of a "web" diagram, on which the strengths and weaknesses of the innovative development of the considered regions were highlighted.

**Key words:** innovative development, self-assessment wheel, innovation strategies, region, management mechanisms, smart specialization.